**«БЕКІТЕМІН»**
**ҚарМТУ бірінші проректоры**
**_________________ А.З. Исагулов**
**«_____»________________2019 ж.**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**«Kazakhmys Coal» ЖШС**
**директоры**
**__________________ М.С. Нагатаев**
**«_____»________________2019 ж.**

# 6В04101 «Экономика» білім беру бағдарламасы (2019 жылғы қабылдау)

| № р/к | ECTS кредиттер саны | ЖОО компоненті және элективті пәндер тізімі | |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| **ZhBP 02 Жалпы білім беретін пәндер 2 модулі** | | | |
| **1** | **5<br>(ЖБП)** | **KNESZhKMN 3108 «Құқық негіздері, Экология, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері модулі»<br>2-1-0-6<br>Пререквизиттер:<br>KKZT 1101 1-2-0-2<br>ASB (ASMP) 2106 4-1-0-3,4<br>Постреквизиттер:<br>---**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыру, қоғамдық және жеке құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру, Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті жетілдіру жағдайын еңгізу. Қоғамның тұрақты дамуының негіздері туралы, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың және қоршаған ортаны қорғаудың қазіргі заманғы тәсілдері туралы жүйелі білім алу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** құқық негіздері пәнін өзіндік ғылым ретінде, сондай-ақ академиялық пән ретінде келесі негізгі элементтерге негізделеді: Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық негіздері; Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері; Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық негіздері; Қазақстан Республикасының еңбек құқығы негіздері; Қазақстан Республикасының отбасы құқығы негіздері; Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері; Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы негіздері; Іс жүргізу құқықтарының негіздері; Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары; Қазақстан Республикасының қаржы және салық құқығының негіздері; Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығының негіздері; Халықаралық құқық негіздері. Экология және қазіргі өркениеттің мәселелері. Тұрақты дамудың экологиялық және экономикалық принциптері, Жасыл экономика және табиғатты ұтымды пайдалану. Қоршаған ортаны қорғау. Тұрақты даму мақсатындағы жаһандық серіктестік. Дербес ғылым ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін түсіну мынадай негізгі элементтерге негізделеді: Жемқорлық - антиәлеуметтік көрініс ретінде; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік;Әртүрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік; Жемқорлыққа қарсы әрекет ретінде Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіру.<br>**Оқу нәтижесі:** құқықтың қайнар көздерімен жұмыс істеу дағдысының болуы, нақты құқықтық жағдайларға құқық нормаларын қолдана білу, заң актілерінің, сондай-ақ заңды пайдалана отырып, ұлттық құқықтың жетекші салаларын білу, өз құқықтары мен міндеттерін қорғау. Өндірістің тұрақты даму шарттарын және табиғатты тиімді пайдалануды ұйымдастыру принциптерін білу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қолданыстағы заңнамамен жұмыс істеу дағдысының болуы, мүдделер қақтығысы жағдайында әрекет ете білу, сыбайлас жемқорлық мінез-құлық табиғатының ерекшеліктерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік мәселелерін білу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | | **KZE 03 Қазіргі заманғы экономика модулі** |
| **2** | **5 (БазП)** | **ET 1201 «Экономикалық теория»**<br>**2-1-0-1**<br>**Пререквизиттер:**<br>**---**<br>**Постреквизиттер:**<br>**Mik 1202 2-1-0-2**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: қоғам дамуының экономикалық заңдылықтары және оның тиімді қызмет ету мәселелері туралы білім жүйесін қалыптастыру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** қоғамдық өндіріс негіздері, экономикалық жүйелер, ұлттық экономика жүйе ретінде, экономикалық өсу, әлемдік экономика.<br>**Оқу нәтижесі:** экономикалық жағдайды талдау үшін экономикалық модельдерді қолдана білу, экономикалық ақпаратты жинау, қорыту және талдау. |
| **3** | **5 (БазП)** | **Mik 1202 «Микроэкономика»**<br>**2-1-0-2**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ET 1201 2-1-0-1**<br>**Постреквизиттер:**<br>**Mak 2203 2-1-0-3**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: микроэкономика әдістері туралы, нарықтық экономика субъектілерінің мінез-құлқын объективті бағалау үшін негізгі микроэкономикалық модельдер туралы және олардың бизнес-ортада табысты өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** сұраныс теориясы және тұтыну тәртібі, өндіріс теориясының негіздері, өндіріс шығындары, фирмалар мен нарықтар, өндіріс факторларының нарығы, сыртқы әсерлер теориясы.<br>**Оқу нәтижесі:** графикалық модельдерді құру механизмін білу, экономикалық агенттердің өзара қарым-қатынасын сипаттай білу. нарық ойыншысы ретінде нарықтағы тиімді мінез-құлықты қалыптастыру. |
| **4** | **5 (БазП)** | **Mak 2203 «Макроэкономика»**<br>**2-1-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**Mik 1202 2-1-0-2**<br>**Постреквизиттер:**<br>**KSEK 2215 2-1-0-4**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: экономикалық жүйенің жалпы жұмыс істеуі туралы, макродеңгейде жасалатын процестер туралы білімді қалыптастыру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** экономикалық өсу, экономикалық циклдар, AD-AS моделі, фискалдық саясат,монетарлық саясат, IS-LM моделі, төлем балансы және валюталық бағамдар.<br>**Оқу нәтижесі:** макроэкономиканың қазіргі заманғы мектептерін және экономикалық саясаттың бағыттарын білу, макроэкономикалық жағдайды талдай білу, нақты экономикалық жағдайға сүйене отырып, макроэкономикалық саясатты әзірлеу. |
| **5** | **5 (БазП)** | **Mar 2204 «Маркетинг»**<br>**2-1-0-4**<br>**Пререквизиттер:**<br>**KIK 2221 2-1-0-3**<br>**Постреквизиттер:**<br>**EE 3308 2-2-0-5**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** маркетингтің теориялық негіздерін, нақты маркетингтік зерттеулерді жүргізу әдістемесін оқып үйрену: негізгі кезеңдері; ақпаратты жинау және талдау әдістері, тәсілдері, қаруы, зерттеу түрлерінің ерекшеліктері.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** маркетингтің теориялық негіздері мен тұжырымдамалары, маркетингтік құралдар мен зерттеулер, маркетингтегі жоспарлау |

| | | |
|---|---|---|
| | | және бақылау, маркетингтегі өткізу саясаты, маркетинг жүйесіндегі жарнама, маркетингті жоспарлау және бақылау.<br>**Оқу нәтижесі:** нақты экономикалық жағдайда проблемаларды талдау және шешу үшін маркетингтік қызметтің негізгі ұғымдарын, принциптерін, әдістерін қолдану. |
| **6** | **5<br>(БазП)** | **UP 1205 «Оқу практикасы»<br>0-10-0-2<br>Пререквизиттер:<br>Sta 1211 2-1-0-1<br>Постреквизиттер:<br>Men 2206 2-2-0-3**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: оқыту процесінде алынған теориялық білімді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттіліктерді алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** ЖОО қызметінің бағыттарымен, мамандықпен, ұйымдастыру-құқықтық формасымен, органикалық басқару жүйесінің құрылымымен, еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларымен танысу.<br>**Оқу нәтижесі:** болашақ кәсіби қызметтің түрлері, функциялары мен міндеттерін, кәсіпорындарға есеп беру ерекшеліктерін, кәсіпорынның құрылымын, болашақ кәсіптің объектілері болып табылатын ұйымдарды басқару жүйесін білу. |
| | | **КВ 04 Кәсіби-бағытталған модулі** |
| **7** | **5<br>(БазП)** | **Men 2206 «Менеджмент»<br>2-2-0-3<br>Пререквизиттер:<br>OP 1205 0-10-0-2<br>Постреквизиттер:<br>OE 3212 2-1-0-5**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: бітірушінің кәсіби қызметінің негізі болып табылатын менеджмент теориясын зерттеу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** басқару функциялары: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, үйлестіру және бақылау, команда жұмысы және көшбасшылық.<br>**Оқу нәтижесі:** ұйымның ішкі және сыртқы жақтарының проблемалық мәселелерін анықтау үшін әдістерді, есептеулерді, көрсеткіштерді қолдану. |
| **8** | **5<br>(БазП)** | **KBK (O)/Sht 3207 «Кәсіби бағытталған қазақ (орыс) /шет тілі»<br>0-3-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Sht 1103 0-6-0-1,2<br>K(O)T 1104 0-6-0-1,2<br>Постреквизиттер:<br>BK 4220 1-2-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: негізгі жалпы ғылыми терминологияны, лексикалық минимум көлемінде мамандық бойынша терминдерді меңгеру, сондай-ақ негізгі тақырыптарды баяндайтын ғылыми мәтіндердің коммуникативтік ұйымдастыру түрлерін білу./ кәсіби және лингвистикалық білімге негізделген арнайы дағдыларды меңгеру мақсатында арнайы пәндермен интеграциялауда оқу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** типтік мәндерді білдіру тәсілдерін трансформациялауды жүзеге асыру; коммуникативтік актіге синтаксистік бірліктерді қосу ережелерін, жалпы техникалық сөйлеу тәжірибесін қалыптастыру. Мамандықтың кәсіби-бағытталған сөйлеу тақырыбы. Жалпы техникалық сипаттағы базалық категориялық-ұғымдық аппарат. Арнайы материал және оны берілген кәсіби жағдайларда пайдалану. Тыңдауды оқытуға арналған жаттығулар жүйесі. Кәсіби-бағытталған сипаттағы диалогтық және монологиялық мәтіндер және олардың коммуникативтік мақсаттары. Сөйлеуді оқыту үшін жаттығулар жүйесі.<br>**Оқу нәтижесі:** типтік мәндерді білдіру тәсілдерін трансформациялауды жүзеге асыру; коммуникативтік актіге синтаксистік бірліктерді қосу ережелерін білуді қалыптастыру, кәсіптік ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, нақты кәсіби, іскерлік, ғылыми салаларда және жағдайларда студенттерде өзге тілді қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| **9** | **5<br>(БазП)** | **ОР 1  2208 «Өндірістік практика 1»**<br>**0-10-0-4**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ОР 1205 0-10-0-2**<br>**Постреквизиттер:**<br>**КЕ 3301 2-1-0-5**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**:  кәсіби құзыреттілікті бекіту, кәсіби қызметтің практикалық дағдылары мен тәжірибесін меңгеру..<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіби шеберлікті, Дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыру, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру, ұйымдастырушылық және кәсіби өсуді меңгеру.<br>**Оқу нәтижесі:** өз іс – әрекетін өз бетінше жоспарлай білуі және кәсіби лауазымның рөлін анықтай алуы. Тәжірибе туралы есеп беру. |
| | | **АЕ 05 Аналитикалық экономика модулі** |
| **10** | **5<br>(БазП)** | **ЕМ 1209 «Экономикадағы математика»**<br>**1-2-0-1**<br>**Пререквизиттер:**<br>**---**<br>**Постреквизиттер:**<br>**ЕАОТКТ  2210 1-2-0-3**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: компьютерлік технологияларды қолдану арқылы экономикалық есептерді моделдеуге, талдауға және шешуге көмектесетін математикалық аппаратты меңгеру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия элементтері, дифференциалдық есептеу, ықтималдықтар теориясының элементтері.<br>**Оқу нәтижесі:** математикада теориялық және эксперименталды зерттеу әдістерін білу, сызықтық алгебра, математикалық талдаудың алгоритмдері мен негізгі теоремаларын пайдалана отырып, экономикалық модельдерді жасай білу, экономикалық есептерді шешу үшін математиканың негізгі әдіснамалық принциптерін қолдану. |
| **11** | **5<br>(БазП)** | **ЕАОТКТ 2210 «Экономикалық ақпаратты өңдеу мен талдаудың компьютерлік технологиялары»**<br>**1-2-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ЕМ 1209 1-2-0-1**<br>**Постреквизиттер:**<br>**SI 4220  1-2-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: кәсіпорынның өнімді жұмыс істеуін анықтайтын міндеттерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын зерттеу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:**  экономикалық информатика және ақпараттық жүйелер. Кәсіпорынды басқарудағы ақпараттық технологиялар. Маманның автоматтандырылған жұмыс орны және бірнеше жұмыс технологиясы. Қаржы секторындағы акт. Электрондық коммерция нарығы. Цифрлық Қазақстан. Кәсіпорын экономикасы және сандық технологиялар. Экономика мен бизнестегі бұлтты технологиялар.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіби қызметте ақпараттық және технологиялық қамтамасыз етуді іске асырудың компьютерлік технологияларын білу, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып экономикалық бағыттағы практикалық міндеттерді өңдеу және талдау дағдыларын қолдану. |

<table>
<tr><td>12</td><td>5<br>(БазП)</td><td colspan="2">Sta 1211 «Статистика»<br>2-1-0-1<br>Пререквизиттер:<br>-<br>Постреквизиттер:<br>BEA 2218 2-1-0-4<br>Пәнді оқыту мақсаты: бұқаралық процестерді сандық зерттеу әдістерін, кәсіпорынның негізгі қорларының статистикалық көрсеткіштерін бағалау.<br>Негізгі бөлімдердің мазмұны: статистикалық бақылау, жинақтау, топтастыру және кестелер, макроэкономикалық көрсеткіштер, халықтың тұрмыс деңгейінің статистикасы.<br>Оқу нәтижесі: қоғамда болып жатқан әлеуметтік маңызы бар проблемалар мен процестерді талдау элементтерін қолдану</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td colspan="2">КЕ 06 Қазіргі экономика модулі</td></tr>
<tr><td>13</td><td>5<br>(БазП)</td><td>ASE 3212 «Әлеуметтік сфера экономикасы»<br>2-1-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Men 2206 2-2-0-3<br>Постреквизиттер:<br>KKOTUN 3306 2-2-0-6<br>Пәнді оқыту мақсаты: әлеуметтік саланы және оның жекелеген салаларын жоспарлау, ұйымдастыру, қаржыландыру, кадрлық қамтамасыз ету саласында білім алу.<br>Негізгі бөлімдердің мазмұны: экономиканың әлеуметтік саласының құрылымы, әлеуметтік саланың бюджеті: бөлу және пайдалану.<br>Оқу нәтижесі: бюджетті әлеуметтік сала бойынша бөлу мен пайдалануды тиімді бағалай білу.</td><td>//OE 3212 «Өнеркәсіп экономикасы»<br>2-1-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Men 2206 2-2-0-3<br>Постреквизиттер:<br>OOTUN 3306 2-2-0-6<br>Пәнді оқыту мақсаты: өндірістің шаруашылық, қаржылық қызметін ұйымдастыруда білім алу.<br>Негізгі бөлімдердің мазмұны: Негізгі және айналым капиталын қалыптастыру; өзіндік құн; өнім бағасы; салық салу негіздері.<br>Оқу нәтижесі: әр түрлі іс-шаралардың шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсерін есептеп, бағалай білу.</td></tr>
<tr><td>14</td><td>5<br>(БазП)</td><td>SSS 3213 «Салықтар және салық салу»<br>2-1-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Kar 2216 2-1-0-3<br>Постреквизиттер:<br>STP 4214 2-1-0-7<br>Пәнді оқыту мақсаты: салық өндіріп алудың әдіснамалық негіздері, оларды есептеу принциптері саласында теориялық білім алу.<br>Негізгі бөлімдердің мазмұны: Қазақстан Республикасының салық жүйесі, салық саясаты, Қазақстан Республикасының салық механизмі, салықтық тексерулер: түрлері, типтері.<br>Оқу нәтижесі: Қазақстан Республикасының бюджетіне салық және басқа төлемдерді есептей білу.</td><td>//OSS 3213 «Өнеркәсіптегі салық салу»<br>2-1-0-5<br>Пререквизиттер:<br>KK 2216 2-1-0-3<br>Постреквизиттер:<br>OTS 4214 2-1-0-7<br>Пәнді оқыту мақсаты: Қазақстан Республикасының өнеркәсібінде салық салудың құрылу принциптері мен жұмыс істеуінің әдіснамалық - құқықтық негіздері саласында теориялық білім алу.<br>Негізгі бөлімдердің мазмұны: экономиканың түрлі салаларындағы салық салу режимдері мен шарттары.<br>Оқу нәтижесі: өнеркәсіп кәсіпорындарының салық есептілігімен жұмыс істей білу.</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | 5<br>**(БазП)** | **STP 4214 «Сақтандырудың теориясы мен практикасы »**<br>**2-1-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**SSS 3213 2-1-0-5**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** ҚР сақтандыру қызметі саласында білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** сақтандыруды жіктеу, жеке сақтандыру, медициналық сақтандыру, АҚЖ сақтандыру, сақтандырушының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.<br>**Оқу нәтижелері:** сақтандыру тәжірибесінде есеп айырысу ережелері мен принциптерін қолдану. | **// OTS 4214 «Өнеркәсіптік тәуекелдерді сақтандыру»**<br>**2-1-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**OSS 3213 2-1-0-5**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** өнеркәсіптік тәуекелдерді сақтандыру теориясы мен практикасын меңгеру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** тәуекел түсінігі және оның экономикалық салдары; ҚР сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры; мүліктік сақтандыру.<br>**Оқу нәтижесі:** өнеркәсіптік тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру мүмкіндіктері тұрғысынан жіктей және бағалай білу. |
| 16 | 5<br>**(БазП)** | **KSEK 2215 «Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі»**<br>**2-1-0-4**<br>**Пререквизиттер:**<br>**Mak 2203 2-1-0-3**<br>**Постреквизиттер:**<br>**Kas 3309 2-1-0-6**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** кәсіпорында сыртқы экономикалық қызметті жүргізу үшін теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** сыртқы нарықтардағы іаруашылық субъектілерінің экономикалық қызметі, кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметін жоспарлау.<br>**Оқу нәтижесі:** сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру үшін практикалық әдістер мен дағдыларды қолдану. | **// HE 2215 «Халықаралық экономика»**<br>**2-1-0-4**<br>**Пререквизиттер:**<br>**Mak 2203 2-1-0-3**<br>**Постреквизиттер:**<br>**BB 3309 2-1-0-6**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** халықаралық экономикада теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** халықаралық экономикалық қатынастар; қазіргі экономикалық мәселелерді талдау.<br>**Оқу нәтижесі:** жекелеген мемлекеттер арасындағы экономикалық өзара қарым-қатынас мәселелерінде бағдарлай білу. |
| | | **KE 07 Қаржы және есеп модулі** | |
| 17 | 5<br>**(БазП)** | **Kar 2216 «Қаржы»**<br>**2-1-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ANB 1217 2-1-0-1**<br>**Постреквизиттер:**<br>**SSS 3213 2-1-0-5**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: макро-және микродеңгейде қаржының теориялық және практикалық негіздерін меңгеру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** қаржы туралы жалпы түсінік; шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы; қаржыны ұйымдастыру және басқару, мемлекеттік қаржы; үй шаруашылықтарының қаржысы.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның қаржы құрылымдарындағы практикалық жұмыс және қоғамдық құрылымның әр түрлі деңгейлерінде қаржылық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану бойынша шешім қабылдау үшін қаржыны бөле білу. | **//KK 2216 «Корпоративные финансы»**<br>**2-1-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**BI 1217 2-1-0-1**<br>**Постреквизиттер:**<br>**OSS 3213 2-1-0-5**<br>**Пәнді оқытудың мақсаты:** бітірушілердің кәсіби қызметі үшін корпоративтік қаржы саласында теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдер мазмұны:** корпоративтік қаржы тұжырымдамасы, мәні, ұйымдастыру принциптері, корпорациялар қаржыларының функциялары; қаржылық тәуекелдерді бағалау.<br>**Оқыту нәтижесі:** кәсіпорындардың стратегиялық міндеттерін шешу үшін корпоративтік қаржыны басқарудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18 | 5<br>(БазП) | **ANB 1217 «Ақша. Несие. Банктер»<br>2-1-0-1<br>Пререквизиттер:<br>---<br>Постреквизиттер:<br>Kar 2216 1-2-0-3**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: ақша мен кредиттің теориялық аспектілері, ақша және несие жүйесінің жұмыс істеу негіздері бойынша кешенді білім беру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** ақша айналымы, ақша және несие жүйесі, коммерциялық банктер, ҚР Ұлттық банкі, халықаралық валюталық-несиелік қатынастар.<br>**Оқу нәтижесі:** ақша-несие қатынастары саласында экономикалық көрсеткіштерді жинау, өңдеу және талдаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану. | **//BI 1217 «Банкілік іс»<br>2-1-0-1<br>Пререквизиттер:<br>---<br>Постреквизиттер:<br>КК 2216 1-2-0-3**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: банк қызметін жүргізу бойынша теориялық және практикалық дайындық негіздерін оқу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** коммерциялық банк, банк ресурстары, кредит беруді ұйымдастыру, қолма-қол және қолма-қол есеп айырысу, банктердің сыртқы экономикалық қызметі.<br>**Оқу нәтижесі:** банк практикасының нақты міндеттерін шешуде алған білімдерін қолдана білу, өнеркәсіптік кәсіпорынды басқаруда банк жүйесінің негізгі ережелерін қолдану. |
| 19 | 5<br>(БазП) | **BEA 2218 «Бухгалтерлік есеп және аудит»<br>2-1-0-4<br>Пререквизиттер:<br>Sta 1211 2-1-0-1<br>Постреквизиттер:<br>KBE 4219 2-2-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты: е**сеп және аудит саласында теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** бухгалтерлік есеп негіздері; қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтерді есепке алу; ұзақ мерзімді активтерді есепке алу; қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді есепке алу; қаржылық есептілік; аудиттің теориялық негіздері.<br>**Оқу нәтижесі:** бухгалтерлік есеп пен аудиттің концепцияларын, принциптерін және әдістерін білу. | **//OBEA 2218 «Өнеркәсіптегі бухгалтерлік есеп және аудит»<br>2-1-0-4<br>Пререквизиттер:<br>Sta 1211 2-1-0-1<br>Постреквизиттер:<br>ОКАЕ 4219 2-2-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** есептік операцияларды ресімдеу және кәсіпорында аудит жүргізу бойынша білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** өнеркәсіптегі бухгалтерлік есепті ұйымдастыру; аудитті ұйымдастыру және жүргізу.<br>**Оқу нәтижесі:** өнеркәсіпте бухгалтерлік есеп пен аудитті ұйымдастыру қағидалары мен қағидаларын білу. |
| 20 | 5<br>(БазП) | **KBE 4219 «Компьютерлік бухгалтерлік есеп»<br>2-2-0-7<br>Пререквизиттер:<br>EAOTKT 2210 1-2-0-3<br>Постреквизиттер:<br>---**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: бухгалтерлік есепті автоматтандыру міндеттерін шешу үшін бухгалтерлік есепті жүргізу тәжірибесінің негіздерімен танысу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** "1С Бухгалтерия" бағдарламасының сипаттамасы, негізгі құралдарды, материалдарды, ақшалай қаражатты, жалақыны, қаржылық нәтижелерді есепке алу.<br>**Оқу нәтижесі:** "1С: Бухгалтерия" бағдарламасында бухгалтерлік және салық есебін жүргізудің бастапқы құжаттамасын жасау. | **//AOKAE 4219 «Өнеркәсіптік кәсіпорындағы автоматтандырылған есеп»<br>2-2-0-7<br>Пререквизиттер:<br>EAOTKT 2210 1-2-0-3<br>Постреквизиттер:<br>---**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: бухгалтерлік есептің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін қолдану негіздерімен танысу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорынды басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйелері бағдарламаларының сипаттамасы, өнеркәсіптік кәсіпорындарда автоматтандырылған есепке алудың ерекшеліктері.<br>**Оқу нәтижесі:** корпоративтік ақпараттық жүйелерде бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізу дағдыларын қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **IE 08 Инвестициялық экономика модулі** | |
| 21 | 5 (БазП) | **SI 4220 «Сметалық іс»**<br>**1-2-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**EAOTKT 2210 1-2-0-3**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** жобалау-сметалық істі ұйымдастыруда теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** жобалаудың негізгі кезеңдері мен кезеңдері, жобалау-сметалық істі ұйымдастыру, жобаларды сараптау және келісу, түрлі мақсаттағы ғимараттар мен қару-жарақ жобаларының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері.<br>**Оқу нәтижесі:** жобалау-сметалық құжаттаманы жасай білу | **//BK 4220 «Баға құру»**<br>**1-2-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**EAOTKT 2210 1-2-0-3**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** баға белгілеу саласында теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** баға құрылымы мен деңгейлері туралы түсінік; баға белгілеу принциптері мен факторлары; баға механизмін пайдаланудың негізгі бағыттары.<br>**Оқу нәтижесі:** тауарлар мен қызметтерге баға белгілеу принциптерін, сұраныс пен ұсыныстың баға белгілеуге әсерін білу. |
| 22 | 5 (БазП) | **IE 2221 «Инвестиция экономикасы»**<br>**2-1-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**Mik 1202 2-1-0-2**<br>**Постреквизиттер:**<br>**Mar 2204 2-1-0-4**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** инвестициялық жобалардың тиімділігі мәселелерінде теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** инвестициялық жобалардың тиімділігі, инвестициялық жобаның тиімділігін есептеу; инвестициялық жобаны іске асырумен байланысты тәуекелдерді бағалау.<br>**Оқу нәтижесі:** инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін бағалау әдістерін қолдана білу. | **//KIK 2221 «Кәсіпорынның инвестициялық қызметі»**<br>**2-1-0-3**<br>**Пререквизиттер:**<br>**Mik 1202 2-1-0-2**<br>**Постреквизиттер:**<br>**Mar 2204 2-1-0-4**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** кәсіпорынның инвестициялық қызметі мәселелерінде теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорынның инвестициялық қызметін ұйымдастыру және жоспарлау; инвестициялық жобалардың тиімділігі.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның инвестициялық қызметін бағалау әдістерін қолдана білу. |
| 23 | 5 (БазП) | **BEK 4222 «Басқарушылық есеп және контроллинг»**<br>**2-1-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**BEA 2218 2-1-0-4**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** басқару ақпараттық жүйелерінде теориялық білім алу және кәсіпорынды тиімді басқару құрылымындағы контроллинг.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** басқару есебін ұйымдастыру, шығындарды есепке алу және өзіндік құнды калькуляциялау әдістері, контроллинг мазмұны мен принциптері, шығындарды есептеу әдістері.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін тиімді басқару әдістерін қолдану. | **// IZhTB 4222 «Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау»**<br>**2-1-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**OBEA 2218 2-1-0-4**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** инвестициялық жобалардың тиімділігін талдау және бағалау мәселелерінде теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** инвестициялық саясат; инвестициялық жобалар; жобаларды инвестициялау көздері; бюджеттік; инвестициялардың коммерциялық және экономикалық тиімділігін бағалау әдістері;нақты және портфельдік инвестицияларды бағалау.<br>**Оқу нәтижесі:** инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін және нарықтық және инвестициялық құнды анықтау әдістерін талдай және бағалай білу |

| | | |
|---|---|---|
| | | **КЕЕК 09 Кәсіпорын экономикасы және еңбекті қорғау модулі** |
| **24** | **5<br>(БП)** | **КЕ 3301 «Кәсіпорын экономикасы»<br>2-1-0-5<br>Пререквизиттер:<br>ЕТ 1201 2-1-0-1<br>Постреквизиттер:<br>ККЕТ 3310 2-2-0-6**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** Кәсіпорынның шаруашылық қызметі, шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесі саласында теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорынның негізгі және айналым капиталы, кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлау.<br>**Оқу нәтижелері:** негізгі шаруашылық субъекті – өнеркәсіптік кәсіпорын шеңберінде әрекет ететін экономикалық механизмдерді қолдану**.** |
| **25** | **5<br>(БП)** | **ЕКОКN 3302 «Еңбекті қорғау және өмір қауіпсіздігінің негіздері»<br>2-0-1-6<br>Пререквизиттер:<br>ЕЕ 3308 2-2-0-5<br>Постреквизиттер:<br>ТРЕ 4304 2-1-0-7<br>---**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: еңбекті қорғау саласындағы мәселелерді, тіршілік әрекетінің қауіпсіз және зиянсыз жағдайлары мәселелерін шешуге мамандарды теориялық және практикалық даярлау.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, өндірістегі жазатайым оқиғалар, электр және өрт қауіпсіздігі, ТЖ кезінде халықты қорғау.<br>**Оқу нәтижесі:** тіршілік қауіпсіздігі мәселелерінде және жұмыс ортасының параметрлерін өлшеу үшін аспаптарды, аппаратураны және жабдықтарды қолдану бойынша, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардан қорғану тәсілдері мен техникалық құралдарын, дәрігерге дейінгі Алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық дағдыларды меңгеру. |
| **26** | **5<br>(БП)** | **ОР2 3303 «Өндірістік практика 2»<br>0-10-0-6<br>Пререквизиттер:<br>ОР1 2208 0-10-0-4<br>Постреквизиттер:<br>DP 4305 0-10-0-8**<br>**Пәнді оқыту мақсаты**: кәсіби құзыреттілікті бекіту, кәсіби қызметте практикалық дағдылар мен тәжірибені меңгеру.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу, негізгі құралдарды есепке алу, ақша қаражатын есепке алу, дебиторлық және кредиторлық берешектерді есепке алу, қаржылық нәтижелерді қалыптастыру есебі, дайын өнімді басқару есебі, дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құнының калькуляциясы.<br>**Оқу нәтижесі:** ҚР НҚА сәйкес қаржылық және басқару есебін жүргізу дағдыларын алу, кәсіпорында бухгалтердің қызметін өз бетінше жүргізе білу. |
| | | **ОЕ 10 Өндіріс экономикасы модулі** |
| **27** | **5<br>(БП)** | **ТРЕ 4304 «Табиғатты пайдалану экономикасы»<br>2-1-0-7<br>Пререквизиты:<br>Kas 3309 2-1-0-6<br>Постреквизиты:<br>-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** табиғатты пайдалану әдістерін, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны пайдаланудың заңнамалық және нормативтік актілерін зерттеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **Негізгі бөлімдердің мазмұны:** табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау ұғымы, экономикалық мәні. Табиғатты қорғаудың және табиғатты ұтымды пайдаланудың негізгі мәселелері мен міндеттері.<br>**Оқу нәтижесі:** экологиялық менеджментті ұйымдастыру мен басқарудағы нормаларды, ережелерді, стандарттарды білу; экономикалық және экологиялық залалды анықтау тетіктерін білу. | |
| **28** | **5<br>(БП)** | **DP 4305 «Дипломалды практика»<br>0-10-0-8<br>Пререквизиттер:<br>OP2 3303 0-10-0-6<br>Постреквизиттер:<br>-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** дипломдық жұмысты жазу үшін теориялық және практикалық материалдарды жинау және өңдеу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинау, өңдеу және қорыту, статистикалық және есептік деректерді талдау, қорытындылар, ұсыныстар мен ұсыныстарды қалыптастыру.<br>**Оқу нәтижесі:** алынған есептер мен статистикалық мәліметтерді диплом алдындағы практика бойынша есепті құрастыру және ұсыну үшін пайдалану. | |
| | | **EOU 11 Экономика және өндірісті ұйымдастыру модулі** | |
| **29** | **6<br>(БП)** | **KKOTUN 3306 «Кәсіпорын қызметінің өндіріс технологиясы және оны ұйымдастыру негіздері»<br>2-2-0-6<br>Пререквизиттер:<br>KE 3301 2-1-0-5<br>Постреквизиттер:<br>KKET 4311 1-3-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** кәсіпорынның негізгі принциптері, заңдылықтары, жұмыс істеу механизмі және технологиялық негіздерді практикалық қолдану туралы теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорынның ұйымдастыру-технологиялық негіздері, өндірістің технологиялық дайындығы.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорындағы технологиялық процестерді жетілдіру бойынша техникалық деректерді, көрсеткіштерді және жұмыс нәтижелерін талдай білу. | **// OOTUN 3306 «Өнеркәсіптік өндіріс технологиясы және оны ұйымдастыру негіздері»<br>2-2-0-6<br>Пререквизиттер:<br>KE 3301 2-1-0-5<br>Постреквизиттер:<br>OKT 4311 1-3-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** өндіріс өнімдерін дайындаудың жаңа технологияларын қолдана отырып, технологиялық процестердің балама нұсқаларын талдау методологиясында теориялық білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** өнеркәсіп өндірісінің типтері, сала кәсіпорындарындағы өндірістік процесті ұйымдастыру.<br>**Оқу нәтижесі:** өндірісті ұйымдастыру деңгейін, оның өнеркәсіптік өндіріс қызметінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен байланысын бағалай білу. |
| **30** | **6<br>(БП)** | **AEZh 3307 «Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау»<br>2-2-0-5<br>Пререквизиттер:<br>KSEK 2215 2-1-0-4<br>Постреквизиттер:<br>KKOTUN 3306 2-2-0-6**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау саласында білім мен дағды алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** экономикадағы әлеуметтік саланың рөлі, әлеуметтік-экономикалық жоспарлау жүйесі.<br>**Оқу нәтижелері:** әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін | **// FIZh 3307 «Фирмаішілік жоспарлау»<br>2-2-0-5<br>Пререквизиттер:<br>HE 2215 2-1-0-4<br>Постреквизиттер:<br>OOTUN 3306 2-2-0-6**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** компанияның эф-перспективті дамуы үшін перспективалы жоспарлау технологияларын қолдану саласында білім мен дағды алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпорында жоспарлы жұмысты ұйымдастыру, бизнес ортаны болжау, кәсіпорындағы стратегиялық жоспарлау, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жоспарлы көрсеткіштер мен іс-шараларды есептеу және негіздеу. | іскерлік жоспарлау (кәсіпорынның бизнес-жоспары).<br>**Оқу нәтижесі:** бизнес-жобаларды жүзеге асыруда бақылаудың түрлі нысандарын қолдана білу. |
| **31** | **6<br>(БП)** | **ЕЕ 3308 «Еңбек экономикасы»<br>2-2-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Mik 1202 2-1-0-2<br>Постреквизиттер:<br>EKOKN 3302 2-0-1-6**<br><br>**Пәнді оқыту мақсаты:** еңбек экономикасының білім саласында теориялық дайындық алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** еңбек нарығы: саралау және мделдер, халықтың еңбек көші-қоны: мәселелер, реттеу, түрлері.<br>**Оқу нәтижесі:** еңбек нарығындағы экономикалық жағдайды талдау әдістерін қолдану. | **//OENT 3308 «Өнеркәсіпте еңбекті нормалау және төлеу»<br>2-2-0-5<br>Пререквизиттер:<br>Mik 1202 2-1-0-2<br>Постреквизиттер:<br>EKOKN 3302 2-0-1-6**<br><br>**Пәнді оқыту мақсаты:** еңбекті ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы төлеу саласында қазіргі заманғы теориялар мен практикалардың ғылыми білімін алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** еңбекті тиімді ұйымдастырудың негізгі принциптері, жұмыс уақытының шығындарын зерттеу.<br>**Оқу нәтижелері:** қызметкердің еңбек қызметін ұйымдастыруда еңбектің нормативтік шамаларын анықтау және қолдану |
| | | **ККТ 12 Модуль Кәсіпорын қызметін талдау** | |
| **32** | **5<br>(БП)** | **Kas 3309 «Кәсіпкерлік»<br>2-1-0-6<br>Пререквизиттер:<br>KSEK 2215 2-1-0-4<br>Постреквизиттер:<br>TPE 4304 2-1-0-7**<br><br>**Пәнді оқыту мақсаты:** нарықтық экономиканың концепциясы мен құралдарына сүйене отырып, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін оқу.<br>Студенттердің кәсіпкерлік қызметте практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** кәсіпкерлік: мәні, негізгі түрлері және нысандары; кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес-жоспарлау, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпкерлік қызметте заңнамалық, нормативтік, статистикалық және есептік мәліметтерді қолдану | **//BB 3309 «Бизнесті бағалау»<br>2-1-0-6<br>Пререквизиттер:<br>HE 2215 2-1-0-4<br>Постреквизиттер:<br>TPE 4304 2-1-0-7**<br><br>**Пәнді оқыту мақсаты:** бизнесті бағалау принциптерін оқып үйрену; кіріс, салыстырмалы және шығындық тәсілдердің әдістерімен кәсіпорынның құнын бағалау; кәсіпорынның қаржылық жағдайын, АҚ акциялар пакетінің құнын бағалау.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** бизнесті бағалау принциптері; кіріс, салыстырмалы және шығындық тәсілдер әдістерімен кәсіпорынның құнын бағалау; кәсіпорынның қаржылық жағдайын, акциялар пакетінің құнын бағалау.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның нарықтық капитализациясының өзгеруі тұрғысынан басқарушылық шешімдерді қабылдай білу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33 | 6<br>(БП) | **ККЕТ 3310 «Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау»**<br>**2-2-0-6**<br>**Пререквизиттер:**<br>**КЕ 3301 2-1-0-5**<br>**Постреквизиттер:**<br>**ККЕТ 4311 1-3-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** экономикалық талдау жүргізу әдістері мен ережелерін оқу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** экономикалық талдаудың мәні мен мазмұны; экономикалық талдаудың әдісі мен әдістемесі; экономикалық ақпаратты өңдеу тәсілдері.<br>**Оқу нәтижелері:** кәсіпорын деңгейінде экономикалық мәселелерді анықтай және шеше білу. | **//ВТ 3310 «Басқарушылық талдау»**<br>**2-2-0-6**<br>**Пререквизиттер:**<br>**КЕ 3301 2-1-0-5**<br>**Постреквизиттер:**<br>**ОКТ 4311 1-3-0-7**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** қаржылық есептілікпен аналитикалық жұмыстарды білу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** қаржылық жағдайды талдаудың ақпараттық базасы; қаржылық есептілік деректері бойынша кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау; іскерлік белсенділікті талдау; ақша ағындарын басқару мен тиімділікті талдау.<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау саласында әдістерді қолдану. |
| 34 | 5<br>(БП) | **ККЕТ 4311 «Кәсіпорынның қаржылық есептілігін талдау»**<br>**1-3-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ККЕТ 3310 2-2-0-6**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** қаржылық есептілікпен аналитикалық жұмыстарды білу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** қаржылық жағдайды талдаудың ақпараттық базасы; қаржылық есептілік деректері бойынша кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау; іскерлік белсенділікті талдау; ақша ағындарының тиімділігін және басқаруын талдау<br>**Оқу нәтижесі:** кәсіпорынның қаржылық есептілігін бағалау саласында әдістерді қолдану. | **//ОКТ4311 «Өнеркәсіптегі қаржылық талдау»**<br>**1-3-0-7**<br>**Пререквизиттер:**<br>**ВТ 3310 2-2-0-6**<br>**Постреквизиттер:**<br>**-**<br>**Пәнді оқыту мақсаты:** өнеркәсіптік кәсіпорындардың қаржылық талдау саласында білім алу.<br>**Негізгі бөлімдердің мазмұны:** өнеркәсіптегі қаржылық есептілікті талдау, өнеркәсіптік кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін талдау және бағалау, қаржылық модельдер.<br>**Оқу нәтижесі:** өндірістік кәсіпорынның қызметін бағалау үшін Қаржылық талдау әдістерін қолдану |

**«Кәсіпорын экономикасы және менеджменті» кафедрасы меңгерушісігің м.а. Ахметжанов Б.А.**